Scanned with CamScanner

«Бекітемін»
«№8 «Алтын сақа» Бөбекжайы
МКҚК-нің директоры:
_____ Титанова М.У.

Тақырыбы
«Ұлттық ойындар әлемінде»



Жауапты тәрбиеші:
Т.С. Түйешиева
Н. Егдирбаева
Б.Элубаева

2025-2026 ж

Ай	Ұлттық ойын атауы	Мақсаты	Жауапты
Қыркүйек	Ақсерек-көксерек	Балаларды ұйымшылдыққа, бір-біріне көмектесуге баулу; шапшаңдық пен батылдыққа тәрбиелеу; ойында әділ болуға үйрету; достық сезімін қалыптастыру.	Тажиева Г
Қазан	Асық ойыны	Қолдың дәлдігін, көз мөлшерін дамыту; шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу; ұлттық мұраны құрметтеуге үйрету; баланың ойлау қабілетін дамыту.	Оракбаева К
Қараша	Тақия тастамақ	Байқағыштықты арттыру; жылдам қимыл жасауға дағдыландыру; есте сақтау қабілетін жетілдіру; сергектікке, белсенділікке тәрбиелеу.	Отимова Г
Желтоқсан	Соқыр теке	Қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіру; тыңдай білу, сезімталдықты дамыту; қорқынышты жеңуге, батыл болуға үйрету; ойын арқылы көңіл-күйін көтеру.	Нежимова Г
Қаңтар	Хан талапай	Қолдың шапшаңдығын, ептілікті арттыру; әділдікке, тәртіп сақтауға үйрету; ынтымақтастыққа тәрбиелеу;	Азанкулова Б
Ақпан	Орамал тастау	Шапшаңдыққа баулу; сөздік қорын дамыту; ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу; ойында белсенділік көрсетуге үйрету;	Кулжанова А

Scanned with CamScanner

		қазақтың дәстүрлі ойындарына қызығушылық ояту.	
Наурыз	Арқан тарту	Күш пен төзімділікті арттыру; топпен әрекет етуге дағдыландыру; ынтымақтастық пен достықты нығайту; жеңіске жету үшін жігерлі болуға тәрбиелеу.	Джылкыбаева А
Сәуір	Қыз қуу	Шапшаңдық пен ептілікті дамыту; ер балаларды батылдыққа, қыздарды әдептілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу; салауатты өмір салтын қалыптастыру; ойында әсемдік пен көркемдікті бағалауға үйрету.	Егибаева Г
Мамыр	Ақ сүйек	Жылдамдыққа, шапшаңдыққа үйрету; қараңғыда бағыт-бағдар табуды дамыту; ұжымдық әрекетке тәрбиелеу; батылдық пен табандылықты қалыптастыру; ұлттық дәстүрге қызығушылықты арттыру.	Беккулова А

Scanned with CamScanner

«Бекітемін»
Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің
«№ 8 «Алтын сақа» бөбекжайы» жедел басқару
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорнының
_____ директоры У.М. Титанова.

Қазақтың ұлттық ойыны.
«Ақсерек – көксерек »
Ортаңғы «Балапан» топ.

Жауапты тәрбиеші:
Тажиева Г

Scanned with CamScanner

Ұлттық ойын: «Ақсерек –көксерек»

Мақсаты: Балалардың жылдамдық және шымырлық қабілетін арттыру.Бір біріне көмектесуге баулу.Ойында әділ болуға үйрету.Достық сезімін қалыптастыру.

Міндеті: Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам.,ойын ережесін түсініп ойнауын және ойын ережесінің бұзылмауын ескеру.

Ойының барысы :

Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады.

Ара қашықтық

20-30 қадам.

1 ші топ. Ойынды бастайды
Ақсерек-ау ақ серек
Бізден сізге кім керек?
Ақ серек пен көк серек!

2-ші топ Тауып алдым бәйтерек!
Жалындаған күн керек!
Жалпы достан кім керек?
Анау тұрған үл керек!
Оның аты — Бекболат.

Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып ортасынан ұстасқан қолдарды ажыратып кету керек.

Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы тобына алып қайтады,өте алмаса сол топта қалады.Ойын осылай жалғаса береді.

Scanned with CamScanner





Scanned with CamScanner

«Бекітемін»
№8 «Алтын сақа» бөбекжайы
МКҚК-ның директордың м.а
Н.К.Ыбрай

Қазақтың ұлттық ойыны.
«Асық ойыны»
Ортаңғы «Жауқазын» топ.



Жауапты тәрбиеші:
Оракбаева К.Т.

2025-2026ж.

Scanned with CamScanner

Ұлттық ойын: «Асық ату»

Асық ойындары

Мақсаты: Ұлтымыздың негізсіз ұмытылып бара жатқан ойынын жаңғырту, бабаларымыздың ойыны туралы түсінік беріп, қызығушылық ояту.


Дамытушылық: Асық ойнату арқылы балаларды дәлдікке, мергендікке, ептілікке жеңіске деген құштарлыққа, намысқойлыққа, әділдікке баулу.

Тәрбиелік: балаларды ұлтымыздың құндылықтарын қастерлеуге баулу, қазақ халқының брендттерін сақтап әлемдік деңгейдегі спорттық ойындар қатарына қостыруға ой туғызу.

Ойының барысы :


Асық ату (хан ату). Ойынға бірнеше адам қатысады. Әрбір ойыншылар кезекпен қолдағы асықтарды сырмақ үстіне шашады. Арнайы белгілеген асықпен (сақамен) қалған асықтарды шертеп атады. Басты шарты ұқсас асықтарды ғана атады. Басқа асықтарға тигізбей атып алынған асық, ұпай ретінде олжаланады. Ойын осылай жалғаса береді…

Scanned with CamScanner





Scanned with CamScanner





Scanned with CamScanner

«Бекітемін»
Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің
«№ 8 «Алтын сақа» бөбекжайы» жедел басқару
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорнының
директоры У.М. Титанова.

Ересек «Ботақан» топ.
Қазақтың ұлттық ойыны.
«Тақия тастамақ »

Орындаған тәрбиеші:
Отимова Г

2025-2026 ж

Scanned with CamScanner

Ұлттық ойын: «Такия тастамақ.»

Мақсаты: Балалардың денсаулығын шынықтыра отырып, қимыл әрекеттерін жетілдіру. Ұлттық, тұрмыс, салт — дәстүрі туралы әсерлерін толықтыру. Ұрпақтан — ұрпаққа жалғастыру мақсатында қазақ халқының тіршілік әрекетіне байланысты ұлттық ойындарды ойнауға үйрету.

Ойының барысы :

Балалар шеңбер жасап тұрады. Бастаушы (тәрбиеші) балаларды айнала жүріп бір баланың артына тақия тастап кетеді.Артына тақияны тастағанын сезген бала менің артамда деп жауап береді.Артына тақияның тасталғанын сезбесе ол өлең,тақпақ айтып немесе билеп беруі керек.Балалар шеңбер бойында көздерін жұмып тұруы керек. Ойын осылай жалғаса береді.

Scanned with CamScanner



Scanned with CamScanner



Scanned with CamScanner



Scanned with CamScanner

«Бекітемін»
«№8 «Алтын сақа» Бөбекжаі
МКҚК-ның директоры:
_____ Титанова М.У.

Ортаңғы «Балапан» топ.
Қазақтың ұлттық ойыны.
«Соқыр теке»

Орындаған тәрбиеші:Нежимова. Г

2025-2026 ж

Scanned with CamScanner

Ұлттық ойын: «Соқыр теке»

Мақсаты: Қимыл -қозғалыс дағдыларын жетілдіру,тыңдау білу,сезімталдықты дамыту,қорқынышты жеңуге батыл болуға үйрену,ойын арқылы көңіл-күйін көтеру.

Ойынның барысы:

Ойыншылар шеңбер құрып,дөңгелене тұрады да,ортада көзі байланған бір адамды қалдырады.Қалған ойыншылар соқыр текені қолымен түртіп қойып,одан айнала қашып жүреді. Ал соқыр теке сол түрткен адамды ұстап алып,тануға тиісті. Егер ол ұстаған кісіні таныса,оның көзін байлап,соны соқыр теке жасайды. Ойын солай жалғасады.Соқыр теке –ұлттық ойын.Ойын үйде де далада да ойнала береді.

Scanned with CamScanner





Scanned with CamScanner

«Бекітемін»
«№8 «Алтын сақа» бобекжайы
МКҚК-ның директоры:
Ситанова М.У.
21.01.2026ж

Ортаңғы «Балапан» тобы.

Қазақтың ұлттық ойыны.

«Ханталапай»

Орындаған тәрбиеші:Нурумбетова.Ж

2025-2026 ж

Scanned with CamScanner

Ұлттық ойын: «Ханталапай»

Мақсаты : Қолдың шапшандығын, ептілікті арттыру, әділдікке, тәртіп сақтауға үйрету, ынтымақтастыққа тәрбиелеу.

Ойынның барысы:

Ойын еденге жайылған киіз немесе алаша бетінде ойналады. Ойынды кім бастайтынын анықтау ушін ойыншылар кезекпен хан асығын ортаға иіреді. Хан асығы кімге түседі ойынды сол бастайды.Талапай ау- талапай, хан талапай деп асықтар ортаға шашылады. Әркім өзіне керекті асықты шапшаңдықпен алып қоржынына салып қояды. Осылай Хан талапай ойыны жалғасады . Ату барасында хан алшы түссе, ойыншы атып асықпен қоса хан асығында қосып алады . Межелі ұпай саны (100-50 немесе 80-40) ойын жүргізуші алдын ала белгілейді. Мүжеге бұрын жеткен ойыншы жеңімпаз болып саналады.

Scanned with CamScanner





Scanned with CamScanner





Scanned with CamScanner

Бекітемін

«№8 «Алтын сақа» бөбекжайы»

Жедел басқару құқығындағы

МКҚК әдіскері

_____К.Д. Базарбаева

Тақырыбы: «Орамал тастау»

«Ботақан» ерсек тобы

Тәрбиеші:Кульджанова.А

Scanned with CamScanner

Орамал тастау

Жастардың сүйіп ойнайтын ойындарының бірі — **«Орамал тастау»**. Ол жазда, алаңда, көгалды шөптесін жерде ойналады. Ойнаушылардың саны көп болса, ойын соншалықты қызық болады. Ойнаушылар тең екі топқа бөлінеді де, арасы он адымдай екі сызықтың бойына қарама-қарсы қатарласа тұрады. Жүргізуші қолындағы орамалын бірінші топтың өз жағындағы шеткі ойыншыға береді. Ол өзінің қарсыласының біреуіне тастайды да: «қа» деп дауыстайды. Ол қағып «ғаз», дейді, болмаса «ла» дейді. Сонда «қағаз», «қала», т.б. сөздер шығады. Айтатын сөз екі буыннан ғана тұруы керек, мысалы «са» деп дауыстаса, «са-дақ», «са-қа», «са-бын»-, «са-қал», «са-рын» т.б. сияқты сөздер айтылуы керек.

Орамалды қағып алған ойыншы сол бірінші буынның сөзі шығатындай етіп айтуы керек. Егер ол екі буынға арналған сөздің алғашқы буынын тез, дұрыс тауып айта алмаса, онда ортаға шығып, өнер көрсетеді. Енді орамалды қарсыластар тобына өзі лақтырады.

Лақтырған кезде жаңағыдай сөздердің бірінші буынын айтуы керек. Жазаны жауап бере алмаған ойыншы да тартып, ортаға шығып өнер көрсетеді. Осылайша екі топтың ойыншылары орамалды бір-біріне лақтыра отырып ойынды жалғастыра береді.

Ойынның негізгі мақсаттары мен пайдасы:

- **Шапшаңдық пен реакцияны дамыту:** Орамал тасталған адам оны жылдам байқап, қашып бара жатқан ойыншыны қуып жетуі тиіс.
- **Зейінді шыңдау:** Ойыншылар шеңберді айналып жүгірген адамның орамалды артына қашан тастайтынын сезіп, мұқият болуы керек.
- **Дене белсенділігін арттыру:** Жүгіру арқылы бұлшықеттерді нығайту және денені шынықтыру
- **Әлеуметтік дағдылар:** Ұжымда ынтымақтастықты нығайту, әділ ойын ережелерін сақтау және бір-біріне құрмет көрсету.
- **Ұлттық тәрбие:** Қазақтың салт-дәстүрі мен төл ойындарына деген қызығушылықты арттыру.

Scanned with CamScanner



Scanned with CamScanner

Scanned with CamScanner

Бекітемін

«№8 «Алтын сақа» бөбекжайы»

Жедел басқару құқығындағы

МККҚ әдіскері

_____К.Д. Базарбаева

Тақырыбы: «Арқан тарту»

«Ботақан» ересек тобы

Тәрбиеші:Джылкыбаева.А

Scanned with CamScanner

Арқан тарту

Арқан тарту — қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі. Бұл ойынды ойнау үшін, алдымен бес-алты ойыншы тартқанда үзілмейтін арқан және үлкен адамның алақаны көлеміндей екі тақтай дайындап алу қажет. Ол тақтайлардың ортасынан арқан өтетіндей етіп теседі. Енді қарды жентектеп, аққалаға ұқсатып үйеді де, оның орта шенінен таяқпен тесіп, әлгі арқанды өткізеді. Содан кейін тақтайіпанын, екеуін арқанның екі ұшына кигізеді де, таяқшаларды аққалаға екі-үш қарыстай таңап қалғанда тоқтатады да, тақтайшалар аққалаға тірелгенде кейін сырғып кетпес үшін арқанды түйеді. Бәрі дайын болған соң, балалар екі топқа бөлінеді де, арқанды екі жаққа тартады. Аққала қалай құласа, сол топ жеңіп шыққан болады. Жеңілген топ аққаланы қайта жасайды. Ойын қайта басталады. Ойын ойынға қатынасушылардың күш-қуатын дамытуға, таза ауада дем алып, еңбектенуге

Арқан тарту (арқан тартыс) ойынының басты мақсаты — қарсыластар тобын күшпен,ептілікпен және ұйымшылдықпен өз жағына қарай тартып, орталық сызықтан өткізіп, жеңіске жету. Ойын қатысушылардың физикалық күшін, төзімділігін арттырып, топпен жұмыс істеуге, таза ауада белсенді демалуға және ұлттық дәстүрді дәріптеуге бағытталады

Арқан тарту ойынының негізгі мақсаттары:

- **Физикалық даму:** Қатысушылардың күш-қуатын, бұлшықеттерін және төзімділігін дамыту.
- **Ұйымшылдық пен бірлік:** Топ мүшелерін бірлесіп әрекет етуге, ынтымақтастыққа және командалық рухты нығайтуға тәрбиелеу.
- **Ептілік пен әдіс-тәсіл:** Арқанды дұрыс тарту техникасын меңгерту, қарсыластың осал тұсын тауып, стратегиялық әдістерді қолдану.
- **Ұлттық тәрбие:** Қазақтың салт-дәстүрі мен ұлттық ойындарын дәріптеу, жастарды патриоттыққа баулу.
- **Белсенді демалыс:** Таза ауада қозғалыс жасау арқылы денсаулықты нығайту

Ойын ережесі бойынша, екі топ арқанның екі жағынан ұстап, ортадағы белгіленген сызықтан қарсыласты өз жағына сүйреп өткізген топ жеңімпаз атанады.

Scanned with CamScanner

Scanned with CamScanner

Scanned with CamScanner

Бекітемін

«№8 «Алтын сақа» бөбекжайы»

Жедел басқару құқығындағы

МКҚК әліскері

_____К.Д. Базарбаева

Тақырыбы: «Қыз қуу»

«Аққу» ересек тобы

Тәрбиеші:Егибаева.Г

Scanned with CamScanner

Қыз қуу

Қыз қуу» ұлттық ойынының басты мақсаты — қазақ халқының салт-дәстүрін дәріптеу, жастарды ептілікке, шапшаңдыққа, батылдыққа және ат үстінде өзін сенімді ұстауға баулу. Бұл ойын ат спорты арқылы жастардың дене бітімін жетілдіріп, ұлттық құндылықтарды қастерлеуге, сондай-ақ достық пен сыпайылыққа тәрбиелейді.

Ойынның негізгі мақсаттары мен міндеттері:

- **Ұлттық тәрбие:** Салт-дәстүрді жаңғырту, ұлттық ойындарға қызығушылықты ояту және оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу.
- **Дене дамыту:** Шабандоздың ептілігін, тапқырлығын, жылдамдығын және ат үстіндегі төзімділігін арттыру.
- **Әлеуметтік-психологиялық:**

  Жастарды ұйымшылдыққа, батылдыққа, қыз балаға құрметпен қарауға (жігіттер үшін) және өз-өзіне сенімділікке (қыздар үшін) тәрбиелеу.
- **Ойын шарты:** Жігіт қызды жетіп, бетінен сүйіп үлгеруі керек, ал қайтар жолда қыз жігітті қуып жетіп, қамшымен ұруы тиіс.

  «Қыз қуу» — тек жарыс емес, сонымен қатар жігіт пен қыздың өнер, шапшаңдық және батырлық сайысы.

«Қыз қуу» ойынының барысы қысқаша 2 кезеңнен тұрады:

1. **Жігіттің қууы:** Қыз жігіттен сәл алда тұрып шаба жөнеледі. Жігіт мәреге дейін қызды қуып жетіп, оның иығынан қолымен тиюі немесе бетінен сүюі керек.
2. **Қыздың қууы:** Кері қайтар жолда рөлдер ауысады. Енді қыз қашқан жігітті қуып жетіп, оны қамшымен «жазалауы» (арқасынан тигізуі) тиіс.

Scanned with CamScanner





Scanned with CamScanner





Scanned with CamScanner

Бекітемін

«№8 «Алтын сақа» бөбекжайы»

Жедел басқару құқығындағы

МККҚ әдіскері

_____К.Д. Базарбаева

Тақырыбы: «Ақ сүйек»

«Аққу» ересек тобы

Тәрбиеші:Беккулова.А

Scanned with CamScanner

Ақ сүйек

1. Ойынның мақсаты

Ойынның басты мақсаты — қараңғыда лақтырылған ақ сүйекті (көбіне ірі қараның жілігі) тауып алып, оны қарсыласқа бермей, белгіленген сөреге (межеге) жеткізу.

2. Дайындық және басталуы

- **Қатысушылар:** Ойынға ауыл жастары, бозбалалар мен бойжеткендер қатысады. Олар екі топқа (жүзге) бөлінеді.
- **Құралы:** Әбден мүжілген, аппақ болып ағарған сиырдың немесе түйенің ортан жілігі қолданылады (қараңғыда жақсы көрінуі үшін).
- **Уақыты:** Ойын тек түнде, ай жарығында өткізіледі.

3. Ойын барысы (Қадамдары)

1. **Лақтыру:** Екі топтың басшылары келісіп, сүйекті кез келген бағытқа қарай бар пәрменімен алысқа лақтырады. Ол кезде өзге ойыншылар теріс қарап тұруы керек.
2. **Іздеу:** Сүйек жерге түскен соң «Ізде!» деген белгі беріледі. Барлық қатысушылар сүйекті іздеуге кіріседі.
3. **Тауып алу:** Сүйекті тапқан ойыншы оны басқаларға көрсетпеуге тырысады. Ол өз тобының мүшелеріне білдіртпей, межеге қарай жасырын қашады.
4. **Тартыс:** Егер қарсылас топтың мүшелері сүйектің кімде екенін сезіп қойса, оны қуып жетіп, тартып алуға құқылы. Мұндайда ойыншылар арасында қызу тартыс, жүгіріс болады.
5. **Межеге жету:** Сүйекті қолына түсірген ойыншы оны белгіленген «сөреге» (бұл ауыл шеті, отау немесе белгілі бір зат болуы мүмкін) жеткізіп, «Ақсүйек!» деп айғайлауы тиіс.

4. Жеңімпазды анықтау және жаза

- Сүйекті сөреге жеткізген топ жеңімпаз атанады.

Жеңілген топтың мүшелері жеңімпаздардың қалауы бойынша айып төлейді: ән салып, би билеуі немесе өлең айтуы керек.

Кейде жеңілген топ келесі жолы сүйекті өздері іздеп тауып әкелуге міндеттеледі.

5. Ойынның маңызы

Scanned with CamScanner

- **Дене шынықтыру:** Жүгіру, ептілік және қарағыда бағдарлау қабілетін дамытады.
- **Әлеуметтік мәні:** Бұл ойын — жастардың бір-бірімен танысып, әзілдесіп, көңіл көтеретін мәдени кеші іспеттес.
- **Тәрбиелік мәні:** Ұйымшылдыққа, батылдыққа және тапқырлыққа баулиды.

Scanned with CamScanner





Scanned with CamScanner